

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖБП 03

Пәні: «Қазақ тілі мен әдебиеті»

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

Курс:1

Семестр:1,2

Бақылау түрі: емтихан

Барлық сағат/кредит көлемі: 120/5

Студенттің өзіндік жұмысы: 24

Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы:12

Теориялық: 84

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 2 беті

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра менгерушісі:  А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Төрайымы:  Г.О.Мамбеталиева

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәліметтер:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы/ тел.
1	Кенжебек А.Е.	оқытушы	Қазақ тілі мен әдебиеті	+7 700 683 7335 kenzhebek.a@internet.ru
2	Сарымсакова Ж.С.	оқытушы	Қазақ тілі мен әдебиеті	+7 777 252 6867 Janar-Saparbek@mail.ru
3	Исабекова А.А.	Пед.ғылым магистрі	Қазақ тілі мен әдебиеті	+7 702 721 0044 asem.0.1@mail.ru

1.1.Кіріспе

Пәнге кіріспе. Қазақ тілі мен әдебиет пәні – ұлттық тіл мен әдеби мұраны меңгерту арқылы білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және рухани-мәдени құзыретін дамытуға бағытталған. Пән білім алушының сөздік қорын байытып, көркем шығармалар арқылы танымын кеңейтеді, ұлттық құндылықтарды дәріптейді және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- себепсіз сабақтарды жібермеу;
- сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- сабақтарға дайындықпен келу;
- БӨЖ тапсырмаларын кесте бойынша кезінде тапсырып, қорғай білу;
- сабақтарға кешікпеу;
- сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

Білім алушы аралық бақылауға себепсіз келмеген жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді. Білім алушы ағымдық, аралық бақылаулардан 50% дан төмен алған жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді.

1.2. Пән мақсаты:

"Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің оқу мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту негізінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілге құрметпен қарауын қалыптастыру.

1.3. Пән міндеттері:

1. Білім алушының мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қазақ халқының мәдениетімен танысу арқылы тәрбиелеу;
2. Адамзаттық ойдағыдай кірігу үшін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту;
3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру;
4. Коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту;

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 4 беті

- 5.Қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізіндешығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлаудағыларын дамыту;
- 6.Көпмәдени ортада лингвистикалық қажеттілікті іске асыруға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- 7.Білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.

1.4. Оқытудың соңғы нәтижелері:

Оқыту нәтижесінде білім алушы пән мақсатын және міндеттерін біле алатындығын көрсете алады. Болашақ маман кәсіби тілді өз кәсібінің шеңберінде науқаспен қарым-қатынас жасай алады және оған кеңес беріп, пікір білдіре алады. Жұртшылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін, кәсіпке қатысты лексика мен терминологияны меңгереді.

1.5. Пререквизиттер: Мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі, қазақ әдебиеті.

1.6. Постреквизиттер: Кәсіби қазақ тілі, қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндері негіз болады.

1.7. Тақырыптық жоспар:

1.7.1. Аудиториялық сабақтың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Мазмұны	Сағат саны
	I- семестр		
1	Қазақстандағы еңбек нарығы: сұраныс пен ұсыныс	Қазақстандағы еңбек нарығы және сұраныс пен ұсыныс. Еңбек нарығының экономиканы көтерудегі тиімділігі. Еңбек нарығының артықшылықтары. Еңбек нарығының жағымды, жағымсыз жақтары. Еңбек нарығының ерекшелігі.	3
2	Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім	Әлеуметтік сұраныс. Отандық өнімдер. Отандық өнімдерге деген сұраныс. Экологиялық таза тағамдар. Қазақстандық тауарларды брендке айналдыру.	2
3	Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Еңбек ер атандырады.	Жазушы - Балғабек Қыдырбекұлы. Балғабек Қыдырбекұлының шығармашылығы. Индустрия саласына қатысты шығарма. Тарихи оқиға туындысы.	3
4	Ел болашағы - білікті маман қолында	Ел болашағы – жастар. Қоғам қайраткері Ғани Мұратбаевтың жастар туралы ойы.	3
5	Отандық өнімді пайдаланамыз	Отандық өнімді тұтыну – ел экономикасын қолдаудың бір жолы. Жергілікті тауарлар сапалы әрі қолжетімді бола отырып, жұмыс орындарын көбейтіп, отандық кәсіпорындардың дамуына мүмкіндік береді. Ұлттық өнімді пайдалану – елге деген жауапкершілік пен патриотизмнің көрінісі.	2
6	Орталық Қазақстан – кенді аймақ	Орталық Қазақстан – қазба байлықтарға ең бай аймақтың бірі. Бұл өңірде көмір, мыс, темір, марганец сияқты пайдалы қазбалар мол. Қарағанды, Жезқазған, Балқаш сияқты қалалар – ел экономикасы үшін маңызды өндіріс орталықтары болып табылады.	3
7	Қарағанды – кеншілер қаласы. Ғабиден Мұстафин. "Қарағанды" романынан үзінді.	Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романында Қарағанды қаласының қалыптасуы мен кеншілердің өмірі суреттеледі. Үзіндіде жұмысшы еңбегі, еңбекке адалдық, әлеуметтік өзгерістер көрініс табады. Шығарма ел тарихын, кеншілер еңбегінің маңызын көрсетеді.	3
8	Жарнама жасау.	Жарнама – тауарды, қызметті немесе идеяны жұртшылыққа таныстырып, қызығушылық тудырудың тиімді құралы. Бұл тақырып аясында жарнаманың түрлері, құрылымы, тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Жарнама арқылы сендіру, әсер ету тәсілдері меңгеріледі және шығармашылық қабілет дамиды.	2

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 6 беті

9	Қазақ киносының атасы	«Қазақ киносының атасы» атанған Мұхтар Әуезов, Шәкен Айманов сынды тұлғалар ұлттық кино өнерінің дамуына зор үлес қосты. Қазақ киносы арқылы халықтың тарихы, мәдениеті мен рухани құндылықтары көркем түрде бейнеленеді. Бұл тақырып аясында алғашқы фильмдер мен кино өнерінің маңызы қарастырылады.	2
	№1 Аралық бақылау	1-9 тақырыптар бойынша жазбаша түрде алынады.	1
10	Қазақ киносының атасы. Шәкен Айманов	Ұлттық кино өнері. «Қазақфильм» киностудиясы. Қазақ киносының атасы – Шәкен Айманов. Кино майталманының қасиеттері мен еңбектері, сомдаған рөлдері.	3
11	Қазақстанның мәдени өмірі	Қазақстанның мәдени өмірі. XX ғасырдың басындағы труппалар. Қазақстан театрлары. М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры.	2
12	Театр фестивальдары	Театр фестивальдары – өнер мен мәдениетті насихаттайтын маңызды шаралар. Бұл фестивальдер актерлер мен режиссерлердің тәжірибе алмасуына, көрерменге жаңа қойылымдарды ұсынуға мүмкіндік береді. Қазақстанда «Сахнагер», «Театр көктемі», «Орталық Азия елдерінің театр фестивалі» сияқты түрлі театр мерекелері өткізіледі.	3
13	Дулат Исабеков "Әпке" шығармасы	Драматург – Дулат Исабеков. Дулат Исабековтің «Әпке» шығармасы. Шығарма кейіпкерлері. Адамзаттық проблема.	3
14	"Қазақ киносының қазіргі келбеті".	Қазіргі қазақ киносы жанрлық және мазмұндық жағынан жаңарып, дамып келеді. Тарихи, драмалық, комедиялық бағыттағы фильмдер ұлттық болмыс пен заманауи көзқарасты үйлестіріп көрсетеді. Жас режиссерлер мен актерлердің шығармалары халықаралық деңгейде мойындалып жатыр. Қазақ киносы — ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі.	2
15	Ұлттық экология бастаулары	Қазақстан экологиясы. Экология мен табиғат құбылыстары. «Табиғат ана». Ұлттық экология бастаулары. Экожүйені қорғау.	3
16	Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. "Аралым..." өлеңі	Қадыр Мырза Әлі – Қазақстанның халық жазушысы. Қадыр Мырза Әлі ақынның өмір жолы мен шығармашылығы. Қадыр мырза Әлінің түйіндемесі. Ақын шығармаларының тақырыбы. «Аралым» өлеңі.	3

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 7 беті

17	Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер	Экологиялық мәдениет — табиғатты аялау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау. Қазақ халқының тыйым сөздерінде экологиялық тәрбиенің бастауы бар. Мысалы, «Ағын суға түкірме», «Құсты ұядан үркітпе» деген тыйымдар — табиғатты қорғаудың ауыз әдебиетіндегі көрінісі. Тыйым сөздер — экология мен дәстүрдің үндестігін танытады.	2
18	"Қазіргі экологияның өзекті мәселелері"	Қазіргі экологияның өзекті мәселелеріне ауа мен судың ластануы, ормандардың жойылуы, қалдықтардың көбеюі, климаттың өзгеруі жатады. Бұл проблемалар адам денсаулығына, табиғатқа және жаһандық тепе-теңдікке кері әсер етеді. Экологиялық білім мен мәдениетті қалыптастыру — қоршаған ортаны қорғаудың маңызды жолы.	2
	№2 Аралық бақылау	10-18 тақырыптар бойынша жазбаша түрде алынады.	1
	II- семестр		
1	Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі	Мұхиттағы жануарлар мен өсімдіктер әлемі — Жер бетіндегі биологиялық әртүрліліктің маңызды бөлігі. Мұхитта кит, дельфин, акула, балықтардың мыңдаған түрі мекендейді. Ал өсімдіктерден балдырлар мен теңіз шөптері су экожүйесінің негізін құрайды. Бұл тіршілік иелері жер шарындағы оттегінің көп бөлігін өндіруге және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға үлес қосады.	2
2	Мұхит және экологиялық проблемалар	Мұхиттар — жаһандық экожүйенің тірегі. Алайда бүгінде мұхиттар пластик қалдықтармен, мұнай өнімдерімен ластануда. Балықтардың шамадан тыс аулануы мен теңіз жануарларының жойылуы да өзекті мәселе. Климаттың жылынуы мұхиттағы тіршілікке кері әсер етуде. Бұл проблемалар бүкіл адамзаттың бірлескен шешімін қажет етеді.	1
3	Әбдіжәміл Нұрпейісов. "Қан мен тер" романы	Көрнекті жазушы - Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Қан мен тер» трилогиясы. «Қан мен тер» - тарихи роман. Романдағы басты кейіпкерлер. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе.	2
4	Ұлттық мерекелер.	Ұлттық мерекелер. Еліміздегі діни мерекелер. Діни мерекелердің айырмашылықтары мен ұқсастықтары. Рождество мерекесі. Рамазан айы. Айт мерекесі. Айтта айтылатын тілектер.	2
5	Жүсіпбек Аймауытов. "Әнші" әңгімесі.	«Халық жауы» аталған қазақ қайраткерлері. Жүсіпбек Аймауытов – көрнекті жазушы,	1

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 8 беті

		драматург. «Әнші» әңгімесі. «Әнші» әңгімесінің сюжеті. Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе.	
6	Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі	Сауда тарихы. Мал шаруашылығы. Екіжақты мәміле және делдалдық. Сауда мен байлықтың пайда болу себептері. Ұлы Жібек жолы. Ұлы Жібек жолы және сауда өркениеті. Еуропа мен Азия арасындағы сауда жолы - Ұлы Жібек жолы.	2
7	Екіжақты келісімді сауда	Екіжақты келісімді сауда — екі мемлекет арасында өзара келісім арқылы жүргізілетін тауар және қызмет алмасуы. Мұндай сауда елдер арасындағы экономикалық байланысты нығайтып, өзара пайда әкеледі. Қазақстан көптеген елдермен екіжақты сауда келісімдерін жасап, экспорт пен импорт көлемін арттыруда.	2
8	Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы	Сауда мәдениеті — сыпайы қызмет көрсету, адалдық, сапа мен сенімділікке негізделген қарым-қатынас. Ал тұтынушы құқығы — сапалы өнім алу, қауіпсіздік, ақпараттандырылу және тауарды қайтару мүмкіндігі сияқты заңмен қорғалатын құқықтар жиынтығы. Бұл тақырып азаматтық жауапкершілік пен құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталады.	2/1
	№1 Аралық бақылау	1-8 тақырыптар бойынша жазбаша түрде алынады.	1
9	Ыбырай Алтынсарин. "Дүние қалай етсең, табылады?"	Қазақ балалар әдебиетінің атасы – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсариннің Н.Ильминскийге хаты. Бай болудың пайдасы мен зияны. Бай болудың шарттары.	1
10	"Ұлы Жібек жолы тарихы".	Ұлы Жібек жолы — Еуразия құрлығын жалғаған көне сауда жолы. Ол Қытай мен Еуропа арасындағы экономикалық, мәдени, рухани байланыстарды дамытты. Жол бойындағы қалалар мен елдер өркендеп, ғылым, өнер, дін мен тіл алмасуы жүрді. Бұл тарихи жол Қазақстан аумағы арқылы да өтіп, елдің дамуына үлкен әсер етті.	2
11	Радиоарналарды тыңдаймын	Радио – ақпарат тарату мен көңіл көтерудің маңызды құралы. Радиоарналарды тыңдау арқылы тыңдаушы жаңалықтар, музыка, сұхбаттар мен түрлі хабарлардан хабардар болады. Бұл тақырып аясында радионы түсіну, ақпаратты саралау және тыңдаушы мәдениеті қалыптасады.	1

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 9 беті

12	Қазақтың тұңғыш дикторы.	Баспасөз – өмір айнасы. Мерзімді басылымдар - бұқаралық ақпарат құралдары. «Айқап» журналы. Қазақтың тұңғыш дикторлары туралы мәліметпен таныстыру	2
13	Отбасы және гендерлік саясат	Отбасы – қоғамның негізі, ал гендерлік саясат – әйелдер мен ерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерін теңестіруге бағытталған шаралар жиынтығы. Бұл тақырып аясында қазіргі отбасы құндылықтары, гендерлік теңдік, отбасындағы рөлдер мен заңды құқықтар талданады. Мақсаты – саналы көзқарас қалыптастыру және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру.	2
14	Телефон – байланыс құралы	Телефон – адамдар арасындағы жылдам әрі тиімді байланыс құралы. Қазіргі заманда ұялы телефон тек сөйлесу құралы емес, сонымен қатар ақпарат алу, хабарлама жіберу, интернетке қосылу, түрлі қызметтерді пайдалану мүмкіндігіне ие. Бұл тақырып телефонның қоғамдағы рөлін, дұрыс пайдалануды және мәдениетті қарым-қатынасты қарастырады.	1
15	"Гендерлік саясат – мемлекет пен қоғам ісі".	Гендерлік саясат – ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі. Бұл саясат арқылы қоғамда әділеттілік, тең мүмкіндік, еңбек пен білімге қолжетімділік қалыптасады. Гендерлік теңдік – демократиялық қоғамның маңызды белгісі.	1
	№2 Аралық бақылау	9-15 тақырыптар бойынша жазбаша түрде алынады.	1
	Барлығы:		84

1.7.2. Студенттің педагогпен өзіндік жұмысының тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Мазмұны	Сағат саны
	I- семестр		
1	Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім	Әлеуметтік сұраныс. Отандық өнімдер. Отандық өнімдерге деген сұраныс. Экологиялық таза тағамдар. Қазақстандық тауарларды брендке айналдыру.	1
2	Отандық өнімді пайдаланамыз	Отандық өнімді тұтыну – ел экономикасын қолдаудың бір жолы. Жергілікті тауарлар сапалы әрі қолжетімді бола отырып, жұмыс орындарын көбейтіп, отандық кәсіпорындардың дамуына	1

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 10 беті

		мүмкіндік береді. Ұлттық өнімді пайдалану – елге деген жауапкершілік пен патриотизмнің көрінісі.	
3	Жарнама жасау.	Жарнама – тауарды, қызметті немесе идеяны жұртшылыққа таныстырып, қызығушылық тудырудың тиімді құралы. Бұл тақырып аясында жарнаманың түрлері, құрылымы, тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Жарнама арқылы сендіру, әсер ету тәсілдері меңгеріледі және шығармашылық қабілет дамиды.	1
4	Қазақстанның мәдени өмірі	Қазақстанның мәдени өмірі. XX ғасырдың басындағы труппалар. Қазақстан театрлары. М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры.	
5	"Қазақ киносының қазіргі келбеті".	Қазіргі қазақ киносы жанрлық және мазмұндық жағынан жаңарып, дамып келеді. Тарихи, драмалық, комедиялық бағыттағы фильмдер ұлттық болмыс пен заманауи көзқарасты үйлестіріп көрсетеді. Жас режиссерлер мен актерлердің шығармалары халықаралық деңгейде мойындалып жатыр. Қазақ киносы — ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі.	1
6	Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер	Экологиялық мәдениет — табиғатты аялау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау. Қазақ халқының тыйым сөздерінде экологиялық тәрбиенің бастауы бар. Мысалы, «Ағын суға түкірме», «Құсты ұядан үркітпе» деген тыйымдар — табиғатты қорғаудың ауыз әдебиетіндегі көрінісі. Тыйым сөздер — экология мен дәстүрдің үндестігін танытады.	1
	II- семестр		
1	Мұхит және экологиялық проблемалар	Мұхиттар — жаһандық экожүйенің тірегі. Алайда бүгінде мұхиттар пластик қалдықтармен, мұнай өнімдерімен ластануда. Балықтардың шамадан тыс аулануы мен теңіз жануарларының жойылуы да өзекті мәселе. Климаттың жылынуы мұхиттағы тіршілікке кері әсер етуде. Бұл проблемалар бүкіл адамзаттың бірлескен шешімін қажет етеді.	1
2	Жүсіпбек Аймауытов. "Өнші" әңгімесі.	«Халық жауы» аталған қазақ қайраткерлері. Жүсіпбек Аймауытов – көрнекті жазушы, драматург. «Өнші» әңгімесі. «Өнші» әңгімесінің сюжеті. Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе.	1
3	Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы	Сауда мәдениеті — сыпайы қызмет көрсету, адалдық, сапа мен сенімділікке негізделген қарым-қатынас. Ал тұтынушы құқығы — сапалы өнім алу, қауіпсіздік, ақпараттандырылу және тауарды қайтару мүмкіндігі сияқты заңмен қорғалатын	

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 11 беті

		құқықтар жиынтығы. Бұл тақырып азаматтық жауапкершілік пен құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталады.	
4	Ыбырай Алтынсарин. "Дүние қалай етсең, табылады?"	Қазақ балалар әдебиетінің атасы – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсариннің Н.Ильминскийге хаты. Бай болудың пайдасы мен зияны. Бай болудың шарттары.	1
5	Радиоарналарды тыңдаймын	Радио – ақпарат тарату мен көңіл көтерудің маңызды құралы. Радиоарналарды тыңдау арқылы тыңдаушы жаңалықтар, музыка, сұхбаттар мен түрлі хабарлардан хабардар болады. Бұл тақырып аясында радионы түсіну, ақпаратты саралау және тыңдаушы мәдениеті қалыптасады.	
6	Телефон – байланыс құралы	Телефон – адамдар арасындағы жылдам әрі тиімді байланыс құралы. Қазіргі заманда ұялы телефон тек сөйлесу құралы емес, сонымен қатар ақпарат алу, хабарлама жіберу, интернетке қосылу, түрлі қызметтерді пайдалану мүмкіндігіне ие. Бұл тақырып телефонның қоғамдағы рөлін, дұрыс пайдалануды және мәдениетті қарым-қатынасты қарастырады.	
	Барлығы:		12

1.7.3. Студенттің өзіндік жұмысының тақырыптық жоспары

№ р/с	Тақырып/тақырыпшалар	Тапсырма/ жүргізу түрі	Бақылау түрі	Бақылау кестесі	Сағат саны
	I- семестр				
1	Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім	Реферат.Бейнебаян дайындау	Ауызша	2- апта	2
2	Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Еңбек ер атандырады.	Презентация	Жазбаша	2- апта	2
3	Ел болашағы - білікті маман қолында.	Реферат	Ауызша	2- апта	2
4	Орталық Қазақстан – кенді аймақ	Эссе жазу	Жазбаша	2- апта	2
5	Қарағанды – кеншілер қаласы. Ғабиден Мұстафин. "Қарағанды" романынан үзінді	Презентация	Жазбаша	2- апта	2
6	Ұлттық экология бастаулары	Презентация.Сауалнама дайындау	Жазбаша	2- апта	2
	II- семестр				
1	Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі	Презентация	Ауызша	2 апта	2

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 12 беті

2	Мұхит және экологиялық проблемалар	Реферат	Ауызша	2 апта	2
3	Әбдіжәміл Нұрпейісов. "Қан мен тер" романы	Презентация	Жазбаша	2 апта	2
4	Ұлттық мерекелер.	Реферат	Ауызша	2 апта	2
5	Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы — сауда мәдениетінің өркендеу биігі	Эссе	Жазбаша	2 апта	2
6	Ыбырай Алтынсарин. "Дүние қалай етсең, табылады?"	Презентация, Реферат	Жазбаша	2 апта	2
	Барлығы:				24

1.8. Оқыту әдістері: (шағын топша, дискуссия, презентация, кейс-стади, жобалау)

Теориялық сабақтар: ақпараттық, дәріс-презентация, блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, жұптасып жұмыс жасау, топтасып жұмыс жасау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, бағыт беру, эссе жазу, мәтін құрастыру, презентация, кеспе қағаздарымен жұмыс, пікір талас.

1.9. Білімгерлердің білімін және дағдыларын бағалау әдістері: тестілеу, ауызша сұрау, жағдаяттық есептер, бағаланатын сұхбат.

1. Сабақта білімді бақылаудың бірнеше формалары қолданылады. Журналға орташа баға қойылады.
2. Бақылау түрлерінің бірі бойынша (ағымдағы бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өту балын (50%) жинамаған білім алушылардың пән бойынша емтиханға жіберілмейді
3. Қорытынды рейтинг пән бойынша емтиханға жіберу 50 балдан (60%) кем болмауы тиіс, ол ағымдағы бақылаудың орташа бағасы (40%) + аралық бақылаудың орташа бағасы (20%) негізінде автоматты түрде есептеледі.
4. Аралық бақылау: тестілеу, ауызша, жазбаша түрде бақылау жұмысы 9 және 18 аптасында өткізіледі.

Әріптік бағалау	жүйемен	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A		4.00	95-100%	Өте жақсы
A-		3.67	90-94%	
B+		3.33	85-89%	Жақсы
B		3.00	80-84%	
B-		2.67	75-79%	
C+		2.33	70-74%	
C		2.00	65-69%	Қанағаттанарлық
C-		1.67	60-64%	
D+		1.33	55-59%	
D		1.00	50-54%	

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 13 беті

F	0.00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз
---	------	-------	--------------------

Теориялық сабақты бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша немесе ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетіп, ақын жазушының шығармасының мазмұнын толық айта білсе, тақырыпты ашық және астарлы айтылған мағыналарды терең түсінеді. Шығармадағы оқиғаның байланысын анықтайды, шарықтау шегін көрсетеді, өз ойын жетік білдіре алады, қорытынды шығарады, әдеби сын жасай алса қойылады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы пән бойынша жеткілікті білімі мен түсінігін көрсетуде ой пікірі мен қорытынды жасай алады. Шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын түсініп, алайда автордың көзқарасын, астарлы айтылған мағыналарды анықтауда аздаған қателер жібереді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Шығарманың жалпы мазмұнын түсінеді, тақырып пен идеяны, проблеманы анықтауда көп жағдайда қателеседі. Шығарманың сюжетін, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау дағдысы шектеулі, көзқарасын қысқа тұжырымдағанымен, дәлелдері жеткіліксіз.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Тақырыпқа қатысты түсінігін қысқаша жеткізіп, шығармадағы өзінің ой - пікірін, көзқарасын жеткізе аламаса, шығарманың мазмұнын толық айта алмаса қойылады.

Студенттің педагогпен өзіндік жұмысын бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жағдаяттық тапсырмаларды шешу, Эссе, Жоба әзірлеу, Ғылыми және мұрағаттық материалдарды талқылау, мерзімдік материалдарды талқылау.	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	– Тақырыпты жан-жақты және толық қамтуы – Көркем мәтіндегі көнерген сөздер мен әдеби тіл байлығын орынды қолдануы – Нақты дәйектерге, деректерге сүйенуі – Материал құрылымының жүйелілігі және логикалық тұтастығы сақталған
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	– Жұмыста өз көзқарасын анық білдіруі – Аналитикалық ойлау мен қорытынды жасау қабілетінің болуы – Шығармаға жаңаша немесе шығармашылық тұрғыдан келуі

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 14 беті

		– Авторлық талдау мен өзіндік пікірдің дәйекті келтірілуі
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	– Белгіленген мерзімде тапсырманы тапсыруы – Нұсқаулық пен талаптарды толықтай немесе жартылай орындауы – Жұмыста жүйелілік пен бірізділік байқалуы – Мазмұн толық болмаса да, тақырыптан ауытқымауы
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Тақырып бойынша білім деңгейі төмен немесе мүлде көрсетілмеген – Ситуациялық тапсырмаларды шешуге қатыспайды – Мәселенің шешу жолдарын дұрыс тандай алмайды – Өз ойы мен шешімін дәлелдей алмайды – Сұрақтарға жауап бермейді немесе өрескел қателіктер жібереді – Топтық жұмысқа қатыспайды

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша немесе тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсете алуы тиіс. Ақын жазушының шығармасының мазмұнын толық айта білуі қажет. Шығарманың тақырыбын, идеясын, мәселелерін, автордың көзқарасын, ашық және астарлы айтылған мағыналарды терең түсінеді. Шығарманың сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын толық талдап, өз көзқарасымен дәлелді тұжырымдайды. Шығарманың идеялық көркемдік, композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі тұрғысынан көркем мәтінге сыни талдау жасайды.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы пән бойынша жеткілікті білімі мен түсінігін көрсетеді. Өртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын білуі тиіс. Шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын түсініп, алайда автордың көзқарасын, астарлы айтылған мағыналарды анықтауда аздаған қателер жібереді. Шығарманың сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын талдап, өз көзқарасымен тұжырымдайды. Шығарманың композициялық, тілдік

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		24 беттің 15 беті

		ресімделуі тұрғысынан көркем мәтінге талдау жасайды.
Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)		Білім алушы пән бойынша қанағаттанарлық деңгейде білімін көрсетеді. Әртүрлі жанрдағы шығармалардың кейбір фрагменттерін біледі. Шығарманың жалпы мазмұнын түсінеді, тақырып пен идеяны, проблеманы анықтауда көп жағдайда қателеседі. Шығарманың сюжетін, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау дағдысы шектеулі, көзқарасын қысқа тұжырымдағанымен, дәлелдері жеткіліксіз.
Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)		Тақырыпқа қатысты түсінігін қысқаша жеткізіп, шығармадағы өзінің ой - пікірін, көзқарасын жеткізе аламаса, шығарманың мазмұнын толық айта алмаса қойылады

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Еңбек нарығы және сұраныс	Қазақстандағы еңбек нарығы	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 2) сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады; 3)мәмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.
